

Мұғалжар аудандық кейбір ауылдар мен мектептердің атауларын өзгерту туралы

Ақтөбе облыстық мәслихаттың үшінші сессиясы мен облыс әкімінің 2000 жылғы 23 ақпандағы N 7 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет басқармасында 2000 жылғы 25 сәуірде N 478 тіркелді

Ескерту. Тақырыбында және бүкіл мәтін бойынша "селолар", "селосы" сөздері "ауылдар", "ауылы" сөздерімен ауыстырылды - Ақтөбе облысының әкімдігінің 11.12.2015 № 452 қаулысымен және Ақтөбе облыстық мәслихатының 11.12.2015 № 359 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 11 бабының 4) тармақшасына сәйкес облыстық мәслихат және облыс әкімі **Шешім етеді**:

Ескерту. Кіріспеге өзгеріс енгізілді - Ақтөбе облысының әкімдігінің 14.08.2017 № 280 қаулысымен және Ақтөбе облысының мәслихатының 14.08.2017 № 196 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1. Мұғалжар ауданы мәслихаты мен әкімінің және облыстық ономастикалық комиссияның ұсыныстары қабылдансын және Мұғалжар ауданындағы:

Шевченко ауылы Көтібар батыр ауылы;

Золотонош ауылы Елек ауылы;

Восток ауылы Көктөбе ауылы.

Мектеп атаулары:

Шевченко орталау мектебі Көтібар батыр орталау мектебі;

Золотонош орталау мектебі Елек орталау мектебі;

Восток орталау мектебі Көктөбе орталау мектебі болып атаулары өзгертілсін.

2. Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы мемлекеттік ономастикалық комиссияның қарауына ұсынылсын.

Облыстық Мәслихат сессиясының төрағасы

Облыс Әкімі